

Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында 11 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылын 11 сынып 8 оқушымен бастады. Оның ішінде 6 ер бала, 2 қыз бала. ІІ тоқсаннан бастап Шаймерденова Айкөркем Мерекеқызы отбасы жағдайына байланысты қоныс аударды. Аманжол Айбол, Еркінбекұлы Фархад, Тәженова Гүлерке тұрғылықты жерінің басқа елді мекенде болуына байланысты мектеп жанындағы интернатқа орналасты. Оқу жылының соңында Аманжол Айбол үздік нәтиже көрсетіп, «Алтын белгі» иегері атанды. Тәженова Гүлерке, Мухаев Бекарыс, Бақиұлы Әділет жақсы нәтиже көрсетсе ал Еркінбекұлы Фархад, Мұхтарұлы Елдар, Ерболұлы Айталы қанағаттанарлық нәтижемен аяқтады. **Жылдық сапа көрсеткіші: 61,22 %**

Отбасылық жағдайы: Сыныптағы оқушылардың барлығы толық отбасыда тәрбиеленген. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сынып оқушыларының тәртібі денсаулығы, таным дәрежесі, қабілеттері, жоғарғы сатыға қалыптасуы, мектепшілік шараларға қатысымы жақсы Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі байланыстамын. Тоқсан сайын ата –аналармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде ата-аналар ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ұғынды. Жиналыстарда сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды.

Оқушылар ана тілін құрметтеуге, өз отанын сүйуге, туған жеріне қызмет етуге, құқықтық сауаттылығын арттыруға, құндылықтарды бойға дарытатын тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.

19 қазанда- «Еңбек елдің мұраты » тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты : Оқушыларға тек еңбек арқылы барлық жетістікке жетуге болатындығын түсіндіру; Оқушыларды адал еңбекке баулу, кәсіптік білім беру.

Сонымен қатар "15 қараша-Ұлттық валюта күні", «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ», «Наурызым – құт берекем!» " Мемлекеттік рәміздер –ұлттық мақтанышымыз" «Мамандық-өмір таңдауы», «Қаныш Сәтбаев - 125жыл» сияқты тәрбие сағаттары өтіп, оқушыларға толық түсінік жұмыстары жүргізілді.



Тақырыбы: “Мамандық-өмір таңдауы”
Өткізген: Жасұланова Жангүл
Сынып: 9, 11



Тақырыбы: “Мамандық-өмір таңдауы”
Өткізген: Жасұланова Жангүл
Сынып: 9, 11



Тақырыбы: Қаныш Сәтбаев - 125жыл!

11 сынып жетекшісі: Жасұланова Жангүл Жасұланқызы



“Қауіпсіздік-басты міндет”
11 сынып
Сынып жетекшісі: Жасұланова



Ерте жыныстық қатынастың зияны

II сынып жетекшісі:
Жасұланова Ж.



Тақырып: Салауатты ұрпақ боланақтың кепілі.
II сынып жетекшісі: Жасұланова Жангүл

«Таза Қазақстан» челленджі



Наурыз мейрамына байланысты «Наурызым – құт берекем!» мерекелік шарасы:



25 мамыр күні: «Болашаққа бір қадам 2024» атты мерекелік шара өткізілді.



Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

Сынып жетекшісі: Жасұланова Ж. Ж.